



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 17-24 желтоқсан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 27 желтоқсан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 24 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,7%-ға (435,54 теңгеден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 432,28 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтар валюталарының серпіні оң болды. Жаһандық инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жақсаруы әлемдік экономикаға Covid-19 жаңа штамының таралу зардаптарының аз болуына қатысты күтулерге байланысты болды: алдын-ала зерттеулердің қорытындысы бойынша, «дельта» штамына қарағанда «омикрон» штамы кезінде ауруханаға жатқызу ықтималдығы төмен болды.


Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:

- **түрік лирасы** Түркия Үкіметінің ұлттық валютаны қолдау шаралары туралы, оның ішінде айырбас бағамының әлсіреуі банктердің пайыздық мөлшерлемелерін арттырған жағдайда, депозиттерін лирамен ұстаушылардың шығындарын өтеу бағдарламасы туралы хабарлауы аясында 35,2%-ға (16,41-ден 10,64-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ-тың 31 желтоқсаннан бастап ОАР-мен әуе қатынасын тоқтата тұрудың күшін жою туралы хабарламалары аясында 2,1%-ға (15,88-ден 15,55-ке дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** экспорттаушылардың ұлттық валютаның одан әрі нығаюынан қауіптеніп, шетел валютасын сатуы аясында 1,4%-ға (76,09-ден 75,02-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** коронавирустың жаңа штамына қатысты қауіптенудің азаюы аясында 1,1%-ға (14 355-тен 14 197-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** мөлшерлеменің 5,5%-ға дейін 50 б.п. артуына байланысты кэрри-трейд операцияларының тартымдылығын арттыру аясында 1%-ға (20,83-тен 20,62-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** салық кезеңі мен мұнай бағасының өсуі аясында 0,6%-ға (74,1-ден 73,62-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** Орталық банктің спот нарығында 500 млн АҚШ долларын сату бойынша аукцион өткізуі аясында 0,4%-ға (5,69-ден 5,67-ге дейін) нығайды.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылдың басынан бастап 24 желтоқсан аралығында)





Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылғы 17- 24 желтоқсан аралығында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 10 желтоқсан =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 8 (7172) 77-52-10
 e-mail: press.nationalbank.kz
www.nationalbank.kz